

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 445 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 қаңтарда № 16222 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тәулік зоналары бойынша және (немесе) оны жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай электр энергиясына арналған тарифтерді энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың саралау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2009 жылғы 20 ақпандағы № 57-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5602 болып тіркелген, 2009 жылғы 10 сәуірдегі № 53 (1476) "Заң газетінде" жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясына тарифтерді жеке тұлғалардың оны тұтыну көлеміне қарай саралау қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясына тарифтерді жеке тұлғалардың оны тұтыну көлеміне қарай саралау қағидалары бекітілсін";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тәулік зоналары бойынша және (немесе) оны жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай электр энергиясына арналған тарифтерді энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың саралау қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды

реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 17 шілдедегі № 213-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8625 болып тіркелген, 2013 жылғы 20 қарашадағы № 257(28196) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларын бекіту туралы;"

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 14-1-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және " Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 254) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидаларында:

1-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-тарау. Жалпы ережелер";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін және тарифтік сметаларды бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) және табиғи монополиялар саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) базалық тарифтік смета – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 болып тіркелген) Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын

шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібінің (бұдан әрі – Ерекше тәртіп) талаптарына сәйкес қалыптастырылған Субъект тарифтерінің (бағаларының, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейі енгізілген бірінші жылға арналған тарифтік смета;

2) болжанатын тарифтік смета – Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіштері (инфляция) ескеріле отырып қалыптастырылған ұзақ мерзімді кезеңнің кейінгі жылдарына арналған тарифтік смета;

3) тарифтік кіріс – уәкілетті орган Заңның 18-бабының 7-тармағына сәйкес бекіткен тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейі бойынша Субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) көрсетуден алатын кірісі;

4) тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің шекті деңгейін түзету – тарифтің бекітілген шекті деңгейін ұлғайтпай, тарифтік сметаның көрсеткіштерін және (немесе) тарифтің шекті деңгейін түзету;

5) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

6) уәкілетті органның ведомствосы – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті;

7) уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі – табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі.

8) электр энергиясын беру – технологиялық тұрғыдан байланысты, электр энергиясын электр желілері арқылы беруге және (немесе) таратуға бағытталған іс-әрекеттер;

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Субъектілердің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тауарларына, жұмыстарына) тарифтердің (бағалардың, алымдар ставкаларының) шекті деңгейін бекітуге өтінімді ұсыну мен қабылдау тәртібі";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін бекітуге арналған өтінімге:

1) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін бекіту қажеттігі туралы түсіндірме жазба;

2) бес жылдық және одан көп мерзімге арналған инвестициялық бағдарламаның (жобаның) жобасы не қабылданған шешімнің нөмірі мен күнін көрсете отырып, бекітілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) болуын растайтын құжат;

3) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейінің жобасы;

4) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) тарифтік сметасы;

5) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 143 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10641 болып тіркелген) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бухгалтерлік баланс (бұдан әрі – бухгалтерлік баланс);

6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 143 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10641 болып тіркелген) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пайдалар мен шығындар туралы есеп (бұдан әрі – пайдалар мен шығындар туралы есеп);

7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 143 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10641 болып тіркелген) 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп (тікелей және жанама әдіс);

8) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 29 қарашадағы № 282 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14590 болып тіркелген) 1-қосымшаға сәйкес статистикалық нысан бойынша еңбек жөніндегі есеп (коды 1211101, индексі 1-Т, кезеңділігі тоқсандық);

9) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 143 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10641 болып тіркелген) 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша капиталдағы өзгерістер туралы есеп (бұдан әрі – капиталдағы өзгерістер туралы есеп);

10) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2017 жылғы 10 қарашадағы № 165 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16038 болып тіркелген) 1-қосымшаға сәйкес кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп (коды 271112130, индексі 1-ПФ, кезеңділігі жылдық);

11) Қағидалардың осы тармағының 5) – 7), 9) тармақшаларында көзделген қаржылық есептілікке түсіндірме жазба;

12) өзге және басқа да шығыстардың таратылып жазылуы;

13) тиісті салада (аяда) қолданылатын үлгі нормалар мен нормативтердің негізінде жасалған персонал саны, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттіліктерінің есептері және техникалық шығындардың есептері;

14) негізгі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін ағымдағы және күрделі жөндеулер мен басқа да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына бағытталған шығындардың жылдық сметасы;

15) есепке алу саясаты (ол болған жағдайда);

16) қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасына пайда мөлшерлемесінің есебі;

17) инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асырғанға дейін пайдаланылатын және ұзақ мерзімді кезеңге инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру кезінде пайдалануға берілетін негізгі құралдарға амортизациялық аударымдардың жылдарға бөлінген есебі;

18) қарыз ресурстарын қаржыландыру және өтеу шарттары (кредиттер үшін пайыздар, қаржыландыру кезеңі, комиссиялық төлемдер, өтеу мерзімдері және басқалар);

19) табиғи монополия субъектісінің жобалық қуаты туралы және оны нақты пайдалану туралы деректер;

20) реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) жоспарланған көлемін растайтын құжаттар (ниет хаттамалары, шарттар, табиғи монополия субъектісінің жалпыға бірдей сапалы қызмет көрсету міндетіне және мүмкіндіктеріне, тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) деңгейін ұстап тұру немесе өсіру мақсатында көлемін төмендетуге жол бермеуге сүйене отырып, тауарларды өндіру көлемінің есептері, тұтыну сұраныстарын маркетингтік зерттеу материалдары) қоса беріледі.

Ескертпе: тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейін бекітуге арналған өтінімге 5) – 12) тармақшаларда көрсетілген құжаттар өткен күнтізбелік екі жыл үшін ұсынылады.";

3-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейінің және тарифтік сметалардың жобасын бекіту тәртібі";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Уәкілетті органның ведомствосы Субъект тарифтерінің (бағаларының, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейінің және тарифтік сметаларының жобасын осы Қағидаларға сәйкес экономикалық негізделген есептеулер берілген жағдайда өтінім берілген сәттен бастап күнтізбелік бір жүз қырық бес күннен аспайтын мерзімде қарайды.

Уәкілетті органның ведомствосы табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне тарифтердің (бағалардың, алымдар

мөлшерлемелерінің) шекті деңгейлерінің және тарифтік сметалардың жобаларын төтенше реттеуші шара ретінде шешім қабылдау үшін күнтізбелік жиырма күннен асырмай қарайды.

Егер тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) және тарифтік сметалардың жобаларын қарау кезінде қосымша ақпарат қажет болған жағдайда, уәкілетті органның ведомствосы оны Субъектіден бес жұмыс күнінен кем болмайтын мерзімді белгілеп жазбаша түрде сұратады.";

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің шекті деңгейін (бағаның, алым мөлшерлемесінің) көтермей, түзету үшін табиғи монополия субъектісі уәкілетті органның ведомствосына ағымдағы жылдың соңына дейін күнтізбелік алпыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін көтермей, тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін түзету туралы ұсыныс жолдайды.

Тарифтік сметаны және (немесе) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін түзету туралы ұсыныспен өтініш берген кезде табиғи монополия субъектісі уәкілетті органға түзетулерді ескере отырып, тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейін көтермей, оның жобасын және түзетулерді енгізудің қажеттігін негіздейтін материалдарды ұсынады.

Тарифтік сметаның және (немесе) тарифтің (бағаның, алым мөлшерлемесінің) шекті деңгейінің ұсынылған жобасы және материалдар осы Қағидалардың 17-тармағы 1) тармақшасының талаптарына сәйкес келуге тиіс.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Тарифтік сметада көзделген, шикізат, материалдар, отын, энергия қажеттіліктерін ескере отырып айқындалған шығындар баптарын түзету аталған шығыстардан асып кеткен жағдайда не еңсерілмейтін күш мән-жайларын және төтенше жағдайларды қоспағанда, шығыс нормаларын бес пайыздан астам төмендеткен жағдайда жүзеге асырылады.

Субъект табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтік сметаны орындау туралы есепті Заңның 7-бабының 7-6) тармақшасы негізінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырады.

Субъект тұтынушыларды тарифтік сметаны орындау барысы туралы есепті кезеңінің жартыжылдығында бір рет тиісті ақпаратты Заңның 7-бабының 7-7) тармақшасы негізінде уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті орган ведомствосының интернет-ресурсында орналастыру арқылы хабардар етеді.";

мынадай мазмұндағы 4-тараумен толықтырылсын:

"4-тарау. Қызметі "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін электр энергиясын беру жөніндегі қызметті көрсететін табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті немесе оның шекті деңгейін бекіту тәртібі";

36. Қызметі "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-1-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін электр энергиясын беру жөніндегі қызметті көрсететін табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті немесе оның шекті деңгейін бекіту тәртібі қызметі мынадай талаптарға сәйкес келетін электр энергиясын беру жөніндегі қызметті көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі – Компания) тарифін бекіту кезінде қолданылады және мыналардың:

2018 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей, диспетчерлік технологиялық басқарудың;

2020 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей, электр желілерін, жабдықты, тетіктерді пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді, еңбекті қорғауды және қауіпсіздік техникасын жүзеге асыратын жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнайы киіммен, аспаптармен және құрылғылармен қамтамасыз етілген, оқытылған және аттестатталған персоналмен жасақталған қызметтердің;

2020 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес желілік қызметтерді көрсетуге желілік оператормен жасалған шарттардың;

2022 жылғы 1 қаңтардан кешіктірмей, желілік операторда және өңірлік электр желісі компаниясында орнатылған жүйелермен біріздендіруді қамтамасыз ететін коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерінің, телекоммуникациялар жүйелерінің болуын қамтиды.

37. Электр энергиясын беру жөніндегі қызметті көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің Қағиданың 36-тармағында көзделген талаптарға сәйкессіздігін айқындау тәртібін энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган айқындайды.

38. Энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган уәкілетті органың ведомствосына немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне электр энергиясын беру жөніндегі қызметті көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің Қағиданың 36-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмейтіндігі туралы ақпаратты ұсынады.

39. Уәкілетті органның ведомствосы немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі Заңның 18-бабының 8-тармағына сәйкес Компанияға Қағидалардың 38-тармағында көзделген ақпаратты алған кезден бастап

күнтізбелік отыз күн ішінде электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифті немесе оның шекті деңгейін бекітеді.

40. Уәкілетті органның ведомствосы немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі Субъектіге электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифті немесе оның шекті деңгейін бекіткен кезде мыналарды:

тауарларды өндіруге және көрсетілетін қызметтерге арналған шығындардағы және кезең шығыстарындағы амортизациялық аударымдарды;

сыйақы төлеуге арналған шығыстарды (олар болған жағдайда);

мүлік және көлік салықтарын өтеуге арналған шығыстарды;

негізгі борышты төлеуді (олар болған жағдайда);

пайданы;

негізгі құралдар құнының өсуіне алып келетін күрделі шығындарды алып тастайды.

41. Осы Қағидалардың 40-тармағында көзделген шығындарды қоспағанда, Компанияға электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифті немесе оның шекті деңгейін бекіту туралы шешім Заңның 18-бабына сәйкес уәкілетті орган ведомствосының немесе уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесі басшысының не осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес тарифтік сметаны бекітуді, басшының міндетін атқарушы адамның бұйрығымен ресімделеді.

42. Уәкілетті органның ведомствосы немесе уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі бұйрықты тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей Компанияға табыс етеді.

43. Компания электр энергиясын беру жөніндегі қызметке тарифтің өзгеруі туралы ақпаратты тариф қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушының назарына жеткізеді.";

1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

Осы Бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық

актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы*

Р. Дәленов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі
_____ Қ. Бозымбаев
2017 жылғы 29 желтоқсанЛП"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2017 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 445 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі төрағасының
2009 жылғы 20 ақпандағы
№ 57-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясына тарифтерді жеке тұлғалардың оны тұтыну көлеміне қарай саралау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясына тарифтерді жеке тұлғалардың оны тұтыну көлеміне қарай саралау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының

Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 124-5-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына және "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясына тарифтерді жеке тұлғалардың оны тұтыну көлеміне қарай саралау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) босату тарифі – энергиямен жабдықтаушы ұйым электр энергиясын өткізу үшін қолданылатын тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) бағасы;

2) ең жоғары тариф – жеке тұлғалар үшін электр энергиясын тұтыну шамасынан тыс тұтынылатын электр энергиясына тариф;

3) ең төмен тариф – жеке тұлғалар үшін электр энергиясын тұтыну шамасы шегінде тұтынылатын электр энергиясына тариф;

4) есептеу аспабы көрсеткіштерінің есептік мәні – есептеу аспабы уақытша болмаған не нақты көрсеткішті алу мүмкін емес болған жағдайда алдыңғы кезеңдегі электр энергиясының орташа тәуліктік шығысын (тұтынылуын) осы кезеңдегі күнтізбелік күндер санына көбейту жолымен анықталатын оның көрсеткіштері ретінде қабылданған электр энергиясының көлемі;

5) тұтыну көлемдеріне қарай электр энергиясына сараланған тарифтер (бұдан әрі – сараланған тарифтер) – осы Қағидаларға сәйкес жеке тұлғалар үшін қолданылатын, тұтыну көлемдеріне қарай әртүрлі электр энергиясына арналған тарифтер;

6) тұтынушы – электр энергиясын шарт негізінде тұтынатын жеке тұлға;

7) уәкілетті орган – табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

8) уәкілетті органның ведомствосы – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті;

9) электр энергиясының орташа тәуліктік шығысы (тұтынылуы) – есептеу аспабы жөнделген және пломбаланған белгілі бір уақыт кезеңіндегі электр энергиясының нақты көлемінің осы кезеңдегі күнтізбелік күндердің санына қатынасы ретінде айқындалатын электр энергиясының көлемі. Кезең есептеу аспабының алынған көрсеткіштері болған кезде күнтізбелік отыз күн есебінен таңдалады;

10) энергиямен жабдықтаушы ұйым – сатып алынған электр энергиясын тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым.

Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар Заңға сәйкес қолданылады.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылған энергиямен жабдықтаушы ұйымдар Кодекстің 124-5-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес мемлекеттік реттелуге жататын ұйымдар болып табылады.

Энергиямен жабдықтаушы ұйым сараланған тарифтерді уәкілетті органның ведомствосымен келіскеннен кейін енгізеді.

4. Энергиямен жабдықтаушы ұйым сараланған тарифтердің қолданылуына байланысты кірісті толық алмаған немесе кірісті негізсіз алған жағдайда толық алмаған кірістің сомасы немесе негізсіз алынған кірістің сомасы босату тарифінің тиісті өзгерісінің есебінен тарифтерді кезекті қайта қарау кезінде ескеріледі.

5. Энергиямен жабдықтаушы ұйым босату тарифінің деңгейі өзгерген кезде сараланған тарифке қайта есептеуді жүргізеді.

6. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар сараланған тарифтердің есептеулеріне өзгерістер енгізілген жағдайда, осы Қағидаларға сәйкес өзгертілген сараланған тарифтерді уәкілетті органның ведомствосымен келіседі.

7. Тұтынушылар электр энергиясын тұтыну көлемдеріне қарай сараланған тарифтерді қолдануға өтініш берген жағдайда, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар осы тұтынушыларға тұтынылатын энергия көлемдеріне қарай электр энергиясына сараланған тарифтерді ескере отырып тұрмыстық мұқтаждарға тұтынылған электр энергиясы үшін шоттар береді.

Егер электр энергиясын есептеу аспаптарының көрсеткіштерін жазып алу арасындағы нақты кезең күнтізбелік отыз күнге тең болмаса, электр энергиясын тұтыну шамаларының мөлшерін энергиямен жабдықтаушы ұйымы немесе тұтынушы нақты кезеңнің ұзақтығын ескере отырып түзетеді.

Электр энергиясын тұтыну шамасының шегінде толық пайдаланылмаған электр энергиясы келесі айда пайдаланылмайды.

8. Тұтыну көлеміне қарай сараланған тарифтер бойынша тұтынылған электр энергиясы үшін төлемақы тұрақты тұратын тұтынушылардың саны ескеріле отырып айқындалады, оны айқындау үшін "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы тұрғылықты жерінен берген мекенжай анықтамасы негіз болып табылады.

Елді мекендерде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы болмаған жағдайда тұрақты тұратын тұтынушылардың санын айқындау үшін село және/немесе ауыл әкімі берген тұратын тұтынушылардың саны туралы анықтама негіз болып табылады.

9. Есептеу аспаптарының көрсеткіштерін екі есептік айырысу кезең ішінде алу мүмкін болмаған кезде, егер бұл ретте тұтынушының өзі энергиямен жабдықтау ұйымына өзінің жұмсаған энергиясының саны туралы мәлімет ұсынбаса, энергиямен жабдықтаушы ұйым оны тұтыну көлеміне қарай электр энергиясына сараланған тарифтер бойынша ағымдағы айда тұтынушы тұтынған

электр энергиясын есепке жатқызу үшін есептеу аспабы көрсеткіштерінің есептік мәнін айқындай отырып, электр энергиясының орташа тәуліктік шығысы (тұтынылуы) бойынша есептеу жүргізеді.

Есептеу аспаптарының нақты көрсеткіштері есептеу аспабы көрсеткіштерінің есептік мәндерінен кем болса, энергиямен жабдықтаушы ұйым келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей электр энергиясының тұтыну көлеміне қайта есептеу жүргізеді де, ол төлем құжатында көрсетіледі.

10. Бір айдан аспайтын мерзімде есептеу аспаптары болмаған кезеңде электр энергиясының орташа тәуліктік шығысы (тұтынылуы) бойынша айқындалған тұрмыстық мұқтаждарға тұтынылатын электр энергиясына төлемақыны энергиямен жабдықтаушы ұйым сараланбаған босату тарифі бойынша белгілейді.

Бұл ретте есептеу аспаптары болмаған кезде электр энергиясының орташа тәуліктік шығысы (тұтынылуы) бойынша есеп айырысу кезеңі бір есептік кезеңнен аспайды. Кейінгі қайта есептеулер белгіленген қуат бойынша жүргізіледі.

11. Үйге ортақ мұқтаждарға тұтынылатын электр энергиясына (кезекті жарықтандыру, лифттер, паркингтер және басқа да үйге ортақ мұқтаждықтар) төлемақы сараланбаған босату тарифі бойынша жүргізіледі.

Коммерциялық есепке алу аспаптары баланстық тиесілілік шекарасында орнатылмаған кезде бөлу шекарасынан коммерциялық есепке алу аспаптары орнатылған жерге дейінгі желі учаскесіндегі электр энергиясының шығындарын (трансформаторларда және желілерде) көрсетілген желі учаскесі балансында тұрған тарап сараланбаған босату тарифі бойынша төлейді.

2-тарау. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың электр энергиясына тарифтерді

жеке тұлғалардың оны тұтыну көлеміне қарай саралау тәртібі

12. Асыра тұтынғаны үшін ең жоғары тариф бойынша төлемақы алынатын электр энергиясын тұтыну шамасы электр энергиясын тұтыну шамасы тұтынушыларды энергия үнемдеуге түрткі болатын және халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін ынталандыру ескеріле отырып электр плиталарын пайдаланатын және пайдаланбайтын тұтынушылар үшін бөлек айқындалады. Бұл ретте электр плиталарын пайдаланатын тұтынушыларға газдандыруға жатпайтын не үй құрылысының жобасында немесе кондоминиум объектісіне арналған техникалық паспортта газдандыру көзделмеген үйлердің тұрғындары жатады.

Асыра тұтынғаны үшін ең жоғары тариф бойынша төлемақы алынатын электр энергиясын тұтыну шамасы электр энергиясын тұтыну шамасы тұтынушыларды энергия үнемдеуге түрткі болатын және халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін ынталандыру ескеріле отырып жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үй-жайы (пәтері) бар жалғыз тұратын жасына байланысты зейнеткерлерді, мүгедектерді, Ұлы Отан соғысына қатысушыларды және оларға теңестірілген адамдарды қоспағанда, электр плиталарын пайдаланатын және пайдаланбайтын аталған адамдар үшін бөлек айқындалады.

Екі деңгейлі тарифтерді қолдану кезінде тиісті өңірдің жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау ұйымдарының немесе жергілікті атқарушы органдарының ақпараты негізінде орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталмаған үйлердің тұрғындары және орталықтандырылған газбен жабдықтау жүйесі жұмыс істемейтін, бұрын газдандырылған үйлердің тұрғындары электр плиталарын пайдаланатын тұтынушыларға теңестіріледі.

13. Екі деңгейлі тарифтерді қолдана отырып сараланған тарифтерді есептеу кезінде ең жоғары тариф (Т макс) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{ең жоғары}} = 1,2 * T_{\text{б}}, \text{ мұндағы: (7)}$$

$T_{\text{б}}$ – электр энергиясын босату тарифі.

14. Электр плиталарын пайдаланатын ($T_{\text{ең төмен1}}$) тұтынушылар үшін ең төмен тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{ең төмен1}} = (T_{\text{б}} * W_{\text{тұрм1}} - T_{\text{ең жоғары}} * (W_{\text{тұрм1}} - k * W_{\text{ең төмен1}})) / k * W_{\text{ең төмен1}}, \text{ мұндағы: (8)}$$

$W_{\text{тұрм1}}$ – алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар тұтынған электр энергиясының нақты көлемі, киловатт-сағат (бұдан әрі – кВт.сағ.);

$W_{\text{ең төмен1}}$ – алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар электр энергиясының тұтыну шамасын асырмай тұтынған электр энергиясының нақты көлемі, кВт.сағ.;

k – электр энергиясын үнемдеуді ескере отырып, тұтынушылардың электр энергиясын тұтыну көлемдерін қайта бөлу коэффициенті, осы Қағидаларды алғаш қолдану кезінде $k=1,1$, кейіннен $k=1$.

15. Электр плиталарын пайдаланбайтын ($T_{\text{ең төмен2}}$) тұтынушылар үшін ең төмен тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{\text{ең төмен2}} = (T_{\text{б}} * W_{\text{тұрм2}} - T_{\text{ең жоғары}} * (W_{\text{тұрм2}} - k * W_{\text{ең төмен2}})) / k * W_{\text{ең төмен2}}, \text{ мұндағы: (9)}$$

$W_{\text{тұрм2}}$ – алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде электр плиталарын пайдаланбайтын тұтынушылар тұтынған электр энергиясының нақты көлемі, кВт.сағ.;

Weң төмен² – алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде электр плиталарын пайдаланбайтын тұтынушылар электр энергиясын тұтыну шамасынан асырмай тұтынған электр энергиясының нақты көлемі, кВт.сағ.

16. Есептік айда нақты тұтынылған электр энергиясының шамасы бір тұтынушыға шаққанда тұтынылған электр энергиясының төлемақысы тиісті тұтынушылар үшін электр энергиясын тұтыну шамасынан аспаған жағдайда, мынадай формула бойынша айқындалады:

$$П = T \text{ ең төмен } * W \text{ нақты, мұндағы: (10)}$$

П – есептік айда тұтынылған электр энергиясының төлемақысы, теңгемен;

W нақты – есептеу аспабының көрсеткіштері бойынша есептік айда тұтынылған электр энергиясының нақты көлемі, кВт.сағ.

17. Есептеу аспабының көрсеткіштері бойынша есептік айда нақты тұтынылған электр энергиясының шамасы бір тұтынушыға шаққанда тұтынылған электр энергиясының төлемақысы тиісті тұтынушылар үшін электр энергиясын тұтыну шамасынан асқан жағдайда мынадай формула бойынша айқындалады:

П ең жоғары = T ең төмен * n * W лим + T ең жоғары * (W нақты – n * W лим), мұндағы: (11)

W лим – асыра тұтынғаны үшін ең жоғары тариф бойынша төлемақы алынатын бір тұтынушы тұтынатын электр энергиясының шамасы, кВт.сағ.;

n – тұратын тұтынушылардың саны.

18. Асыра тұтынғаны үшін екінші немесе үшінші деңгейлі тарифтер бойынша төлемақы алынатын электр энергиясын тұтыну шамасы тұтынушыларды энергия үнемдеуге түрткі болатын және халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін ынталандыру ескеріле отырып электр плиталарын пайдаланатын және пайдаланбайтын тұтынушылар үшін бөлек белгілейді.

Бұл ретте электр плиталарын пайдаланатын тұтынушыларға газдандыруға жатпайтын не үй құрылысының жобасында немесе кондоминиум объектісіне арналған техникалық паспортта газдандыруы көзделмеген үйлердің тұрғындары жатады.

Үш деңгейлі тарифтерді қолдану кезінде тиісті өңірдің жылумен жабдықтау, газбен жабдықтау ұйымдарының немесе жергілікті атқарушы органдарының ақпараты негізінде орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталмаған үйлердің тұрғындары және орталықтандырылған газбен жабдықтау жүйесі жұмыс істемейтін, бұрын газдандырылған үйлердің тұрғындары электр плиталарын пайдаланатын тұтынушыларға теңестіріледі.

Асыра тұтынғаны үшін екінші деңгейлі тариф (бұдан әрі – V2) бойынша төлемақы алынатын электр энергиясын тұтыну шамасы тұтынушыларды энергия

үнемдеуге түрткі болатын және халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін ынталандыру ескеріле отырып белгіленеді.

Асыра тұтынғаны үшін үшінші деңгейлі тариф (бұдан әрі – V3) бойынша төлемақы алынатын электр энергиясын тұтыну шамасы олардың саны жалпы тұтынатын тұтынушылар санының 10-15%-нан аспайтын, ең көп энергия үнемдеуге түрткі болатын тұтынушыларды ынталандыру ескеріле отырып белгіленеді.

Асыра тұтынғаны үшін үшінші деңгейлі тариф бойынша төлемақы алынатын электр энергиясын тұтыну шамасын электр энергиясын тұтыну шамасы тұтынушыларды энергия үнемдеуге түрткі болатын және халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ететін ынталандыру ескеріле отырып жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үй-жайы (пәтері) бар жалғыз тұратын жасына байланысты зейнеткерлерді, мүгедектерді, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдарды қоспағанда, электр плиталарын пайдаланатын және пайдаланбайтын аталған адамдар үшін бөлек белгілейді.

19. Электр плиталарын пайдаланатын ($T_{1 \text{ с э/п}}$) тұтынушылар үшін бірінші деңгейлі тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{1 \text{ э/п-мен}} = (T_6 * W_{0 \text{ э/п}} - T_2 * W_{2 \text{ с э/п}} - T_3 * W_{3 \text{ с э/п}}) / W_{1 \text{ с э/п}}, \text{ мұндағы: (12)}$$

T_2 – 14 - формула бойынша белгіленген екінші деңгейлі тариф;

T_3 – 15 - формула бойынша белгіленген үшінші деңгейлі тариф;

$W_{0 \text{ э/п мен}}$ – алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар тұтынған электр энергиясының нақты көлемі, кВт.сағ.;

$W_{1 \text{ э/п-мен}}$ – алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар V_2 асырмай тұтынған электр энергиясының нақты көлемі, кВт.сағ.;

$W_{2 \text{ э/п-мен}}$ – алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар V_2 асырып, бірақ V_3 шегінде тұтынған электр энергиясының нақты көлемі, кВт.сағ.;

$W_{3 \text{ э/п-мен}}$ – алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар V_3 асырып тұтынған электр энергиясының нақты көлемі, кВт.сағ.

20. Электр плиталарын пайдаланбайтын ($T_{1 \text{ без э/п}}$) тұтынушылар үшін бірінші деңгейлі тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{1 \text{ э/п-сыз}} = (T_0 * W_{0 \text{ э/п-сыз}} - T_2 * W_{2 \text{ э/п-сыз}} - T_3 * W_{3 \text{ э/п-сыз}}) / W_{1 \text{ э/п-сыз}}, \text{ мұндағы,} \quad (13)$$

$W_{0 \text{ э/п-сыз}}$ – алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде электр плиталарын пайдаланбайтын тұтынушылар тұтынған электр энергиясының нақты көлемі, кВт.сағ.;

$W_{1 \text{ э/п-сыз}}$ – алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде электр плиталарын пайдаланбайтын тұтынушылар V_2 асырмай тұтынған электр энергиясының нақты көлемі, кВт.сағ.

$W_{2 \text{ э/п-сыз}}$ – алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде электр плиталарын пайдаланбайтын тұтынушылар V_2 асырып, бірақ V_3 шегінде тұтынған электр энергиясының нақты көлемі, кВт.сағ.;

$W_{3 \text{ э/п-сыз}}$ – алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде электр плиталарын пайдаланбайтын тұтынушылар V_3 асырып тұтынған электр энергиясының нақты көлемі, кВт.сағ.

21. Үш деңгейлі тарифтерді қолдана отырып электр энергиясына сараланған тарифтерді есептеу кезінде екінші деңгейлі тариф (T_2) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_2 = 1,2 * T_б, \text{ мұндағы: } (14)$$

$T_б$ – электр энергиясын босату тарифі.

22. Үш деңгейлі тарифтерді қолдана отырып электр энергиясына сараланған тарифтерді тұтынушылар оны тұтыну көлеміне қарай есептеу кезінде үш деңгейлі тариф (T_3) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_3 = 1,5 * T_б, \text{ мұндағы: } (15)$$

$T_б$ – электр энергиясын босату тарифі.

23. Есептік айда тұтынылған электр энергиясының төлемақысы (Π) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айқындалады.

24. Сараланған тарифтердің деңгейлерін келісу үшін энергиямен жабдықтаушы ұйым сараланған тарифтер қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мынадай құжаттар мен материалдарды:

- 1) түсіндірме жазбаны;
- 2) сараланған тарифтердің есебін;
- 3) сараланған тарифтерді бекіту туралы бұйрықтың жобасын;

4) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электр энергиясына арналған тарифтерді оны тұтыну көлеміне қарай саралау туралы ақпаратты (тұтынушылар үшін) негіздеуші материалдарды қоса отырып уәкілетті органның ведомствосына ұсынады.

25. Уәкілетті органның ведомствосы сараланған тарифтердің деңгейлерін келісу үшін ұсынылған құжаттар мен материалдарды күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды. Қарау мерзімі құжаттар мен материалдар берілген сәттен бастап есептеледі.

26. Энергиямен жабдықтаушы ұйым бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сараланған тарифтер туралы ақпаратты олар қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізеді.

Энергиямен жабдықтаушы
ұйымдардың электр
энергиясына тарифтерді
жеке тұлғалардың оны тұтыну
көлеміне қарай саралау
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Есептік айда тұтынылған электр энергиясының төлемақысы

Есептік айда есептеу аспабының көрсеткіштері бойынша бір тұтынушыға шаққанда нақты тұтынылған электр энергиясының көлемі	Есептік айда тұтынылған электр энергиясы үшін төлемақыны есептеу формуласы
тиісті тұтынушылар үшін V_2 аспайды	$\Pi = T_1 * W_{\text{нақты}}$, мұндағы: $W_{\text{нақты}}$ – есептеу аспабының көрсеткіштері бойынша есептік ай үшін тұтынылған электр энергиясының нақты көлемі, кВт.сағ.*
тиісті тұтынушылар үшін V_2 асады, бірақ V_3 кем емес	$\Pi = T_1 * n * W_{\text{белг1}} + T_2 * (W_{\text{нақты}} - n * W_{\text{белг1}})$, мұндағы: n – тұратын тұтынушылардың саны. $W_{\text{белг1}}$ – бір жеке тұлғаның бірінші деңгейдің шамасына сәйкес келетін электр энергияны тұтыну шамасы, кВт.сағ.
тиісті тұтынушылар үшін V_3 асады	$\Pi = T_1 * n * W_{\text{белг1}} + T_2 * n * (W_{\text{белг2}} - W_{\text{белг1}}) + T_3 * (W_{\text{нақты}} - n * W_{\text{белг2}})$, мұндағы: $W_{\text{белг2}}$ – бір тұтынушының екінші деңгейдің шамасына сәйкес келетін электр энергияны тұтыну шамасы, кВт.сағ.

Ескертпе: *кВт.сағ.– киловатт-сағат

Π - есепті айда тұтынылған электр энергиясына ақы төлеу.

Энергиямен жабдықтаушы
ұйымдардың электр
энергиясына тарифтерді
жеке тұлғалардың оны тұтыну
көлеміне қарай саралау
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Электр энергиясына арналған тарифтерді оны тұтыну көлеміне қарай саралау туралы ақпарат (жеке тұлғалар үшін)

Абоненттің жеке шоты	Тұратын тұтынушылардың саны	Есепті жылдағы тұтыну көлемі, айлар бойынша											Есепті жылдағы тұтыну көлемі, барлығы	Орташа айлық тұтыну											
		Қ	А	Н	С	М	М	Ш	Т	Қ	Қ	Қ			Ж										
		а	қ	а	у	ә	а	а	у	і	а	ы	қ	а	а	р	т	о	қ	с	а	н			
		н	п	р	у	р	ы	р	ы	р	м	е	з	к	з	а	ш	а	н						

Ескертпе: ақпарат энергиямен жабдықтау ұйымдары қызмет көрсететін өкімшілік аудандар (қалалар) бөлінісінде беріледі.

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 міндетін атқарушының
 2017 жылғы 29 желтоқсандағы
 № 445 бұйрығына
 2-қосымша
 Табиғи монополиялар
 субъектілерінің
 реттеліп көрсетілетін
 қызметтеріне (тауарларына,
 жұмыстарына) тарифтердің
 (бағалардың, алымдар
 ставкаларының) шекті деңгейін
 және тарифтік сметаларды
 бекіту қағидаларына
 1-қосымша

Өкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп

Есепті кезең 20__ ж.

Индексі: ТСО-1

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынады: өңірлік электр желілік компанияны қоспағанда, табиғи монополия субъектілері

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті

Ұсыну мерзімі – жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей

Көрсеткіштердің атауы*	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделген	Тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері	% ауытқу	Ауытқудың себептері
1	2	3	4	5	6
Тауарларды өндіруге және қызметтерді ұсынуға арналған шығындар, барлығы, оның ішінде	мың теңге				
Материалдық шығындар, барлығы, оның ішінде					
Шикізат және материалдар					
Сатып алынатын бұйымдар					
Жанар-жағармай материалдары					
Отын					
Энергия					
Еңбекке ақы төлеу шығыстары, барлығы, оның ішінде					
Өндірістік персоналдың жалақысы					
Әлеуметтік салық					
Амортизация					
Жөндеу, барлығы, оның ішінде					
Негізгі қорлар құнының ұлғаюына алып келмейтін күрделі жөндеу					
Өзге шығындар (таратып жазу)					
Кезең шығыстары, барлығы, оның ішінде					
Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы: оның ішінде:					
Әкімшілік персоналдың жалақысы					
Әлеуметтік салық					

Салықтар					
Өзге шығыстар (таратып жазу)					
Сыйақылар төлеуге арналған шығыстар					
Қызметтер ұсынуға арналған барлық шығындар					
Кіріс (АРБ*ПС)					
Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы (АРБ)					
Барлық кіріс					
Көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	заттай көрсеткіштерде				
Нормативтік техникалық ысыраптар	%				
Тариф	теңге/көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) бірлігіне арналған				

Ескертпе:

* – шығындар қажет болған жағдайда кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін

Ұйымның атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық поштаның мекенжайы _____

Орындаушының тегі және телефоны _____

Басшысы _____

(тегі аты әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Күні 20 жылғы " " _____

Мөр орны

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды толтыру жөніндегі түсіндірме

Реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік сметаның орындалуы туралы мәліметтер

1-тарау. Жалпы нұсқаулық

Осы түсіндірме өңірлік электр желілік компанияны қоспағанда, табиғи монополия субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтік

сметаны орындау туралы есепті дайындауына арналған. Тарифтік смета – бұл уәкілетті орган реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) бөлінісінде бекітетін кірістер мен шығыстар баптары туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемдері туралы көрсеткіштер және "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 3-бабының 21) тармақшасына сәйкес уәкілетті органның ведомствосы бекіткен нысан бойынша табиғи монополия субъектісі қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері.

Тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) жобаларын, оның ішінде сараланған тарифтерді бекіту туралы өтінімді беру және олар бойынша шешім қабылдау, сондай-ақ тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті қарау кезінде уәкілетті органның ведомствосы және табиғи монополия субъектілері Ерекше тәртіпті, тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін), оның ішінде сараланған тарифтерді есептеудің салалық әдістемелерін қоса алғанда, табиғи монополиялар салаларындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ табиғи монополия субъектілерінің тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті қарау кезінде бухгалтерлік есеп, салық заңнамасы стандарттарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды төтенше реттеуші шара ретінде бекіту және "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, табиғи монополия субъектісінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту бекітілген шекті тарифтің қолданылу кезеңінде бір реттен жиі жүргізілмейді. Жаңа тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) және тарифтік сметаларды қолданысқа енгізу тарифтер (бағалар, алымдар мөлшерлемелері) бекітілген айдан кейінгі екінші айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

Табиғи монополия субъектісі "Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 11) тармақшасына сәйкес тарифтік сметаны орындау туралы есепті қол жеткізілген нақты көрсеткіштерді құжаттармен растап және олар келісілген нұсқадан ауытқыған жағдайда себептерін түсіндіре отырып, есепті кезеңнен кейінгі жылғы 1 мамырдан кешіктірмей жыл сайын ұсынуға міндетті.

2- тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірмелер

1-баған – уәкілетті органның ведомствосы реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) бөлінісінде бекітетін тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы, кірістер мен шығыстар баптары туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтер (тауарлар, жұмыстар) көлемдері туралы көрсеткіштер және уәкілетті органның ведомствосы бекіткен нысан бойынша табиғи монополия субъектісі қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері көрсетіледі;

2-баған – тарифтік смета көрсеткіштерінің өлшем бірлігі көрсетіледі;

3-баған – бекітілген тарифтік сметада көзделген кірістер мен шығыстар баптары туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдері және табиғи монополия субъектісі қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері көрсетіледі;

4-баған – тарифтік сметаның кірістер мен шығыстар баптары туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемдері туралы нақты қалыптасқан көрсеткіштер және тарифтік сметаны орындау туралы есепті ұсыну кезеңінде табиғи монополия субъектісі қызметінің басқа да экономикалық көрсеткіштері көрсетіледі;

5-баған – тарифтік сметаның бекітілген көрсеткіштеріне тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштерінің пайыздық арақатынасы көрсетіледі;

6-баған – тарифтік смета көрсеткіштерінің ауытқу себептерінің толық сипаттамасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушының
2017 жылғы 29 желтоқсандығы
№ 445 бұйрығына
3-қосымша
Табиғи монополиялар
субъектілерінің реттеліп
көрсетілетін қызметтеріне
(тауарларына, жұмыстарына)
тарифтердің (бағалардың,
алымдар ставкаларының) шекті
деңгейін және тарифтік
сметаларды бекіту қағидаларына
2-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Қарыздар бойынша пайда болған міндеттемелерді нақты төлеу туралы ақпарат

Есепті кезең 20__ ж.

Индексі: ҚНТ-1

Кезеңділігі: тоқсан сайын

Ұсынады: инвестициялық бағдарламасы (жобасы) бар табиғи монополиялар субъектілері

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті ұсынатын мерзімі: тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі 25 күніне дейін

Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	1 - тоқсан	2 - тоқсан	3 - тоқсан	4 - тоқсан	...
Төлем бойынша міндеттемелер:	мың \$*					
	млн. теңге*					
Кредиттер үшін пайыздар	мың \$					
	млн. теңге					
Комиссиялық төлемақы, сыйақылар, және т.б.	мың \$					
	млн. теңге					
Қарыздың негізгі сомасы	мың \$					
	млн. теңге					
Резервтік қорға жіберілді	мың \$					
	млн. теңге					
Есепті кезең аяғында резервтік қорда қаражаттардың нақты болуы	мың \$					
	млн. теңге					
Жинақталған қаражатқа сыйақы есептеу сомалары	мың \$					
	млн. теңге					

Ескертпе:

* – Егер қарыздар ұлттық валютада болған жағдайда, онда тек теңгемен төлемдер бойынша ақпарат жіберіледі. Егер қарыздар шетел валютасымен алынған жағдайда, онда ақпарат екі өлшемде: шетел валютасымен, алынған қарыздар бойынша міндеттемелерге төлемақының нақты бағамы бойынша ұлттық валютамен беріледі.

** – АҚШ долларына теңгенің бағамын көрсету.

Ұйымның атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық поштаның мекенжайы _____

Орындаушының тегі және телефоны _____

Басшысы _____

(тегі аты әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Күні 20 жылғы " " _____

Мөр орны

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірме

Қарыздар бойынша пайда болған міндеттемелерді нақты төлеу туралы мәліметтер

1-тарау. Жалпы нұсқаулық

Осы түсіндірме табиғи монополиялар субъектілерінің қарыздары бойынша пайда болған міндеттемелерді нақты төлеу туралы ақпаратты дайындауға арналған.

Көрсетілген ақпаратты инвестициялық бағдарламасы (жобасы) бар табиғи монополиялар субъектілері тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 күніне дейін қол жеткізілген нақты көрсеткіштерді құжаттармен растап және олар келісілген нұсқадан ауытқыған жағдайда себептерін түсіндіріп ұсынады.

2- тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейіне инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру үшін кредиттерге сыйақылар төлеуге арналған шығындар енгізіледі. Алынған кредиттер бойынша сыйақылар мөлшерін (кредиттер үшін пайыздарды, комиссиялық төлемдерді) өзгерту инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру кезеңінде тек төмендету жағына рұқсат беріледі.

Шетел валютасымен алынған кредиттер үшін сыйақылар Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамының негізгі көрсеткіштерінің (инфляция) негізінде теңге бағамының шетел валютасына болжамды өзгерілуі ескеріле отырып, тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) шекті деңгейіне енгізіледі.

1-баған – инвестициялық бағдарламаны (жобаны) іске асыру үшін кредиттерге сыйақылар төлеуге көрсеткіштердің атауы уәкілетті орган ведомствосы бекіткен нысан бойынша көрсетіледі;

2-баған – көрсеткіштердің өлшем бірлігі көрсетіледі (егер қарыздар ұлттық валютада болған жағдайда, онда тек теңгемен төлемдер бойынша ақпарат жіберіледі. Егер қарыздар шетел валютасымен алынған жағдайда, онда ақпарат екі өлшемде: шетел валютасымен, алынған қарыздар бойынша міндеттемелерге төлемақының нақты бағамы бойынша ұлттық валютамен беріледі. Бұдан басқа, АҚШ долларына теңгенің бағамы көрсетіледі.

3-баған – тиісті жылдың тоқсандары бойынша кредиттер үшін сыйақылар төлемдері көрсеткіштерінің ақпараты көрсетіледі.

1.5	Энергия								
2	Еңбекке ақы төлеу шығыстары, барлығы, оның ішінде								
2.1	Өндірістік персоналдың жалақысы								
2.2	Әлеуметтік салық								
3	Жөндеу, барлығы, оның ішінде								
3.1	Негізгі қорлар құнының өсуіне алып келмейтін күрделі жөндеу								
4	Өзге шығындар (таратып жазу)								
II	Кезең шығыстары, барлығы, оның ішінде								
5	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы: оның ішінде:								
5.1	Әкімшілік персоналдың жалақысы								
5.2	Әлеуметтік салық								
5.3	Өзге шығыстар (таратып жазу)								
III	Қызметтерді ұсынуға арналған барлық шығын								
IV	Кіріс (АРБ*ПС)								
V	Қолданысқа енгізілген активтердің реттелетін базасы (АРБ)								
VI	Барлық кіріс								
	Көрсетілетін қызметтердің (

VII	тауарлардың жұмыстардың) көлемі	заттай көрсеткіштерде							
VIII	Нормативтік техникалық ысыраптар	%							
		заттай көрсеткіштерде							
IX	Тариф	теңге/ көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) бірлігіне арналған)							

Ескертпе:

* – шығындар қажет болған жағдайда кеңейтілуі немесе толықтырылуы мүмкін.